



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жыл 24 тамыз

№ 102/1

Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейін тәрбие мен оқыудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, Акмола облысы білім басқармасының 2022 жылғы 18 тамыздағы 250 бұйрығы, Жақсы білім бөлімінің 2022 жылдың 24 тамыз №02-01-196 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепалды сыныбы, шағын-орталық тәрбиеленушілері, 1-4,5-9,10-11 сыныптар, оқушыларының тізімі ҰБДБ негізінде сәйкестендіріліп, жасакталсын. 1-ші сынып 16 оқушы, 5-ші сынып-24 оқушы, 10 сынып 18 оқушы тізіміне сәйкес жасакталсын. Толымдылығы 20 оқушы және одан көп сыныптарды шетел (ағылш.т.) тілі, информатика, цифрлық сауаттылық, көркем еңбек пәндерінен топтарға бөлу ұйымдастырылсын. (қосымша 1). Қоса берілген тізімдер негізінде алфавит кітабына, оқушылардың жеке істері мен басқа да оқу құжаттарына тиісті түзетулер енгізіліп, Электронды сынып журналдары толтырылсын.
2. Мектеп мәртебесіне сәйкес оқу жоспары жасалынып, 2022 жылдың 31 тамызға дейін аудандық білім бөлімімен келісіліп, бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Тулегеноваға жүктелсін.
3. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру барысында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алынып, Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі

орынбасары К.Тулегеноваға және бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары К.Е.Абдуалиеваға, бірлестік жетекшілеріне, педагогтерге жүктелсін.

4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 27 қарашадағы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №496 бұйрығы, ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы «Оқушылардың, оқу- әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тисісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрықтары басшылыққа алынып, мектепке дейінгі бастауыш және негізгі орта жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалар мен жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгісі оқу бағдарламалары жүргізілсін.
Жауапкершілік директордың оқу, бейінді, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
5. Қолданыстағы заң талаптары мен жаңа санитарлық нормаларға сәйкес 2022-2023 оқу жылының I-II сыныптардың сабақ кестесі қамқоршылық кеңес және ата-ана комитетімен келісіп жасалсын.
5.1. Бес күндік оқу аптасы, оқу сабақтары 45 минуттан бекітілсін.
Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Тулегеноваға жүктелсін.
6. Оқу пәндері, арнайы курстар, факультативтер, секциялар мен үйірмелер қосымша кестеге сәйкес өткізілсін және оның күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары 01.09.2022 ж. дейін бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Тулегенова, А.Б.Омароваға жүктелсін.
7. Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, орта мерзімді сабақ жоспарларын тексеру, бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Тулегеноваға және бейінді оқыту бойынша орынбасары К.Е.Абдуалиеваға және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Омароваға жүктелсін.
8. I-IV, V-VI сынып оқушыларына бекітілген кестеге сәйкес тегін ыстық тамақтану ұйымдастырылсын. Жауапкершілік мектептің әлеуметтік педагогі Н. Н.Советханға жүктелсін.
9. Мектептегі кезекшілік кестесі, қонырау кестесі, оқу сабақтары, факультативтер мен секциялар, үйірмелер кестесі 02.09.2022 ж. дейін бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
I. Меншік иесіне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы I-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) - сыныптарда – 36 оқу аптасы;
3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
I-II (12) - сыныптарда: күзгі каникул: – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
I-сыныптарда қосымша каникул - 7 күн (2023 жылғы 5-12 ақпан аралығында)
Оқу- тәрбие үрдісіне келесі жұмыс режимі тағайындалсын:

10. Мектептегі оқу күні 2-ауысымда, I ауысым сағат 8.30- да, II- ауысым үшін 14.00- де басталсын.
11. Үйдеп оқылатын I оқушының жұмыстық оқу жоспары, сабақ кестесі талаптарға сәйкес құрастырылсын.
12. Қоңырау кестесі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес 2-ші және 4-ші сабақтардан кейін 15 минут, қалған сабақтар арасында 5 минуттан белгіленсін. Сынып сағаттары, таңдау , элективті курстардың жүргізілуі инвариантты компонент сағаттарынан кейін, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға негізделіп қосымша кестеге сәйкес өткізілсін.
13. Аз қамтылған оқушыларға, көп балалы отбасынан шыққан, қамқорланбағаны балаларға 31.08.2022 ж дейін оқулықтар беру ұйымдастырылсын. Жауапкершілік кітапханашы Т.С.Есенгуловаға ,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Омароваға, сынып жетекшілерге жүктелсін.
14. Мектеп білім алушыларын оқулықпен қамтамасыз ету 01.09.2022 ж дейін ұйымдастырылып, таратылып берілсін. Жауапкершілік кітапханашы мен сынып жетекшілерге жүктелсін.
15. «Төк қауіпсіздігі» туралы мектеп қызметкерлерінің білімін тексеру әмір қауіпсіздігі нұсқаулықтарымен, жұмысшылар, педагогтармен талқысу туралы жұмыс жүргізілсін.
16. Бұйрықтың орындалуы бақылау мен қадағалауды өзiме қалдырамын.



Мектеп директоры

Л.Биримжанова

Мектеп директорының
2022ж. «24» тамыз
№ 102/2 бұйрығына қосымша 1

Мектепалды даярлық тобы-20 оқушы

1 сынып – 16 оқушы,
қазақ сыныптары – 16

6 сынып- 24 оқушы
қазақ сыныптары - 24

2 сынып – 20 оқушы,
қазақ сыныптары – 20

7 сынып – 24 оқушы
қазақ сыныптары - 24

3 сынып- 12 оқушы,
қазақ сыныптары - 12

8 сынып – 12 оқушы,
қазақ сыныптары - 12

4 сынып- 33 оқушы,
қазақ сыныптары - 33

9 сынып – 32 оқушы,
қазақ сыныптары - 32

5 сынып- 24 оқушы,
қазақ сыныптары – 24

10 сынып – 18 оқушы,
қазақ сыныптары - 18

11 сынып- 9 оқушы.
қазақ сыныптары – 9

Үйден оқытылатын 2 оқушы, 2022 жылдың ақпан айынан 1 оқушы 9 ә сыныпқа